

«С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер  
кітапханасы» КММ



# ӘДІЛДІК. ПАРАСАТТЫЛЫҚ. СЕНІМ






**Төле би. Қазыбек би. Әйтеке би.**

**Халқыңа адал бол,  
Жауыңа қатал бол,  
Досыңа адал бол!**

**Байлық – мұрат емес,  
Жоқтық – ұят емес.**

**Қара қылды қақ жару- жақсылардың белгісі**




**ӘБУ НАСЫР  
ӘЛ- ФАРАБИ**

**Бақыттың мәні парасаттылықта,  
әркімнің өз алдында игілікті  
мақсат қоя білуінде, адамның өз  
мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті  
түрде өзгертіп, игілікке бағыттап  
отыруында.**

**Тәрбиесіз алынған білім-  
адамзаттың қас жауы.**

**Ар-ождан алдындағы адалдық-өз  
қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе  
байланысты.**



**ҚОЖА АХМЕТ  
ЯСАУИ**

**Әділ сөйлеп адал жүр.**

**Парықсыздар өздері жақсы –  
жаманның не екенін  
білмей жатып, мәнсіз  
біреулерді жер-көкке  
сыйғызбай мақтайды.**

**Тарихты білмегендер  
адалдық жолымен жүре  
алмайды.**



## ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

Ақылдылықпен ел биле, білімділікпен  
жұртты аузыңа қарат.

Парасат- қараңғыдағы шырақ.

Маңайлама ар-ұяттан безгенге,  
Мыңдап алғыс инабатты сезгенге.



# АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

**Адал жүріп, адал тұр!**

**Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулу.**

**Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.**



**ШӘКӘРІМ  
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ**

**Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос-өмірінде өкіндірмес қасиеттер осылар.**

**Ең зиянды адам-мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам. Мейірім, ынсап ақ пейіл, адал еңбек-осы төртеуі кімнің бойында болса – сол шын адам.**

**Билік айтсаң-түзу кес, адалын айт. Тиянақ көрме жалғанды.**



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

**Алдыңа келсе, әділдігінді аяма.**

**Адамгершілікке тәрбиелеу құралы –  
еңбек пен ата-ана үлгісі.**

**Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың  
ұясына айналмауы тиіс.**





## ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ

**Ақиқаттан аттап кету-арға сын.**

**Адамдық қалыпты биік ұстау-кімге  
де болсаұлкен сын.**

**Өмірдің екі тірегі: үйренуден  
жалықпау, үйретуден аянбай.**